## Нормативтік құқықтық актіге негіздеме-анықтама нысанын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 4 қыркүйектегі N 240 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 6 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 4376. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 21 қазандағы № 912 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 21.10.2016 № 912 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 тамыздағы № 778 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу ережесінің 9-тармағын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Нормативтік құқықтық актіге анықтама-негіздеменің нысаны бекітілсін.

2. Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаменті осы бұйрықты аумақтық әділет органдарының, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2006 жылғы 4 қыркүйектегі
N 240 бұйрығымен
бекітілген

## Нормативтік құқықтық актіге анықтама-негіздеменің нысаны

Ескерту. Нысанға өзгерістер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.31 № 346; 08.08.2013 № 268; 17.03.2015 № 151; 28.09.2015 № 518 бұйрықтарымен.

**_____________________________________________________________ ( нысаны, қабылданған күні, тіркеу нөмірі және нормативтік құқықтық актінің тақырыбы )**

-анықтама-негіздеме

| N | Көрсетілуі тиіс мәліметтердің тізбесі | Мемлекеттік органның ақпараты |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Нормативтік құқықтық актіні ұсынатын мемлекеттік орган | |
| 2. | Нормативтік құқықтық актінің тиісті нормасына сүйене отырып, нормативтік құқықтық актіні қабылдау қажеттілігі (мемлекеттік органның құзыреті) | |
| 3. | Нормативтік құқықтық актіні қабылдау қажеттілігінің негізі (нақты мақсаттары, себептері және акт неге байланысты қабылданды) | |
| 4. | Осы мәселе бойынша бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілер және нормативтік құқықтық актіні қабылдауға байланысты олардың өзгергені және толықтырылғаны немесе күші жойылды деп танылғаны туралы мәліметтер | |
| 5. | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 тамыздағы № 778 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу қағидаларының 16-тармағының талаптарын ескере отырып, олардың жойылғаны туралы актілердің деректемелерін көрсете отырып, осы мәселе бойынша бұрын қабылданған, мемлекеттік тіркеуден бас тартылған нормативтік құқықтық актілер туралы мәліметтерді | |
| 6. | Осы нормативтік құқықтық акт республикалық немесе жергілікті бюджет шығыстарының көбеюін немесе түсімдердің қысқаруын көздейме | |
| 7. | Нормативтік құқықтық актіні мүдделі мемлекеттік органдармен келісу туралы мәлімет | |
| 8. | Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер жобаларының бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарды қоса алғанда, жариялау туралы мәліметтерді | |
| 8-1. | Реттеушілік әсерді талдау жүргізу нәтижелері туралы ақпаратты (бар болса ) | |
| 9. | Сараптамалық қорытындыларды ұсынбаған кәсіпкерлердің аккредиттелген бірлестіктерінің тізімін қамтуы тиіс (жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын актілер үшін) | |

«____________________ ______________ ______________________

Лауазымы қолы тегі және аты-жөні

Ескерту: негіздеме-анықтамаға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 тамыздағы № 778 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу қағидаларының 9-тармағында көрсетілген адамдар қол қояды

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК